

ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІН ҚАЙТА ҚАРАУ БОЙЫНША ҮКІМЕТ НЕ ҰСЫНДЫ?

2 бетте

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАТЫН ҚОС ЖОБА БІРІКТІРЕЛДІ

3 бетте

АЙГЕАК MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyn "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyn Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndagý sylyqtarynyn, "Altyn júrek" sylyǵynyn iegeri



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Еліміздің бизнес қоғамдастығымен өткен кездесу мемлекет пен экономиканы дамытуға үлес қосып жүрген кәсіпкерлердің мақсат-ниеті бір екенін көрсетті. Президент айқындаған стратегиялық міндет – экономиканы нығайту арқылы Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтау және күшейту. Мемлекет басшысының пікірінше, бұл міндет ұлттық идеяның маңызды элементіне айналуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманның басты мәселелерін шешу жолында Қазақстан жаңа көзқарастар мен тәсілдер дәуіріне қадам басқанын, ал ескірген стереотиптер өткеннің еншісінде қалғанын атап өтті. Сондықтан еліміз түбегейлі өзгеріп, жаңа жағдайға бейімделуі керек.

Президент мемлекеттің болашағы, соның ішінде өскелең ұрпақтың келешегі осы мәселенің шешіміне тікелей байланысты деп санайды. Оның айтуынша, ірі инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік және логистика салалары экономиканы дамытудың басым бағыттарына айналуға тиіс. Бұл ретте шағын және орта бизнесті қолдау мәселесі ұдайы Үкімет назарында болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойылған міндеттерді шешу жолында мемлекет пен ірі кәсіпорын иелерінің арасындағы нәтижелі серіктестіктің



ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

2025 ЖЫЛҒЫ 7 АҚПАН

маңызды екенін атап өтті.

–Ірі бизнес болмаса, Қазақстан экономикасының әлеуетін толық ашу мүмкін емес. Бізге экономиканың дамуын жаңа деңгейге көтеру үшін инфрақұрылым, индустрия, цифрландыру және басқа да салаларда серпінді өрі ауқымды жобалар қажет. Мұны іске асыруға ірі бизнесмендердің шамасы жетеді. Сіздерде оған қажетті қаржы да, мамандар да, ең бастысы, білім мен тәжірибе де бар. Бұл ретте инвестиция салуға тартымды дәстүрлі салаларға мән беріп қана қоймай, табыс әкелетін жаңа бағыттарды қарастырған жөн. Қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдік сауда конъюнктурасын ескерсек, көлік-логистика са-

ласының орасан зор әлеуеті елеусіз қалып жатыр. Теміржол, автомобиль және әуе арқылы жүк тасымалына сұраныс артып келеді. Іс жүзінде, аталған сектор басымдыққа ие бола бастады. Кейбір шолушылардың айтуынша, пайдасы да мол. Болашағы зор тағы бір сала – туризм. Шетелдіктер Қазақстанның тұмса табиғатына, халқымыздың салт-дәстүрі мен тарихи мұрасына ерекше қызығушылықпен қарайды. Бірақ отандық туризмнің әлеуеті зор десек те, нақты іске келгенде бұл салада олқылықтар мен кемшіліктер көп. Сондықтан Үкімет туризмді дамытуға мейлінше көбірек инвестиция тарту үшін қосымша шараларды ұсынады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміздегі іскерлік ахуалды жақсарту – ең басты мақсаттардың бірі.

– Квзимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді. Реттелетін сатып алуларға бизнес өкілдері өтінім берген жағдайда, оған мемлекеттік кәсіпорындардың қатысуына заң жүзінде шектеу қойылды. Бизнесі негізсіз қыспаққа алудан және салалық органдардың заңсыз тексеруінен қорғау үшін жүйелі жұмыс қолға алынды. Қылмыстық кодекстің бес бабы ізгілендірілді. Екі бап бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту талаптары жоғарыланды, экономикалық құқық

бұзушылықтың 29 түрі бойынша тұтқындауға тыйым салынды. 2022 жылдан бері кәсіпкерлік саласында тіркелген қылмыстық істердің саны екі есе қысқарды. Бұдан бөлек, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілді. Инвесторларды негізсіз тексерудің, оларға айыппұл салудың алдын алып, рұқсаттама беруге кедергі келтірмес үшін «прокурор сүзгісі» енгізілді. Бүгінде прокурорлар инвестор құқығын бұзатын 700-ден аса фактіге тосқауыл қойды. Мұның бәрі бизнестің құқығы мен заңды мүддесін қорғауға зор ықпал етті, – деді Мемлекет басшысы.

Астана.

Форумда «Жаңа адамдар» қозғалысының жетекшісі Әсел Баденова Президентке ұйымның осыған дейін атқарған игі істері мен азаматтық бастамаларын таныстыр-

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАСТАРЫ – ЖАСАМПАЗ

селдермен күрес жүргізіп, өздерінің азаматтық ұстанымдарын ашық өрі белсенді білдіріп жүр.

Мемлекет басшысы форумға жиналған жалынды жастардың бойындағы Отанға, елге деген сүйіспеншілік пен құрметке ризашылығын білдіріп, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың әр жетістігіне қуанатынын, әр бастамасын қолдайтынын жеткізді.

– Қазақстанның жастары – жасампаз. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Жаңа ғана өте жақсы ойлар айтылды. Тың идеялар, игі бастамалар бар. Сіздердің сөздеріңізді тыңдап, форум атмосферасын сезіне отырып, кеудемді мақтанш кернеді. Қазақстанның болашағына деген сенімім нығая түсті. «Жас келсе – іске» деп бекер айтпаған. Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи жас-

тардың қолында. Мен Президент ретінде Сіздерге зор үмітпен қараймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір еліміз үшін тарихи кезең екеніне, алдымызда биік мақсаттар тұрғанына назар аударды.

– Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйрететін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады. «Жаңа адамдар» – жаңа қоғамның айнасы. «Жаңа адамдар» – жаңа болмыс! Бұл – өз еліне адал жастардың қозғалысы! Біздің стратегиямызға қолдау білдірген сіздерге алғыс айтамын. Реформаларымыздың мән-маңызы ұрандарыңызда көрініс тапқан. Бұл өзгерістер Әділетті Қазақстанды құру, «Заң мен тәртіпті» қамтамасыз ету тұжырымдамасына негізделген, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының пікірінше, ел үшін адал қызмет ету жауапкершілік алудан қорықпайтын, батыл азаматтардың қолынан келетін жұмыс.

– Жастарға барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр. Қазақ-

стан балалар мен жастарға жан-жақты қолдау көрсететін әлемдегі аз елдің бірі. Дүниеге келген әр сәби бірден ұлттық бағдарламалардың қатысушысына айналады. Өздеріңізге мәлім, екінші жыл қатарынан Ұлттық қор табысының бір бөлігі балалардың есепшотына түсіп жатыр. Кемелет жасына толғанда олар жинақталған қаржыны оқуға немесе баспана алуға жұмсай алады. Бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» бағдарламасы іске қосылды. Бұл жүйе ата-аналар үшін өте қолайлы. Сол арқылы балаларының болашақта алаңсыз білім алуына қаражат жинайды. Әр бала алты-жеті жастан бастап мектепте тегін білім алады. Мұның бәрі – мемлекеттің міндеті. Бірақ әлемнің барлық елінде дәл осылай емес. Барды бағалау маңызды. Біздің жетістіктеріміз баршылық. Елімізде бастауыш сынып оқушыларына тегін тамақ берілетін болды. Оқушыларымыз мемлекет есебінен өртүрлі үйірмелер мен секцияларға қатыса алады. Мектеп түлектерінің жо-

ғары оқу орнына немесе колледжге грантқа түсу мүмкіндігі зор. Соңғы жылдары грант санын айтарлықтай ұлғайттық. «Болашақ» бағдарламасымен мыңдаған жас шетелде білім алуда. Олар Қазақстанға келген соң ел дамуына үлес қосады. «Президенттік жастар кадр резерві» сұранысқа ие жобаға айналды. Келешекте мемлекетті басқарушылардың негізгі легі осы жас мамандардан қалыптасады. Саяси реформалар аясында Мәжіліс пен мәслихаттарда жастар үшін арнайы квота енгізілді. Бұл өкілдік билік қызметіне тың серпін берді. Осы жерге жиналған білімпаз, отаншыл жастар мәслихаттың немесе Парламенттің құрамына кіретініне, тіпті Үкіметте жұмыс істейтініне көміл сенемін. Жас кәсіпкерлер мен отбасыларды қолдауға айрықша мән беріледі. Мысалы, бизнесті дамытуға және баспана алуға жеңілдікпен несие беру қарастырылған. Бұл балалар мен жастардың өмірден өз орнын табуына жағдай жасауға бағытталған бағдарламалар мен жобалардың бір парасы ғана, – деді Президент.

Akorda.kz



ды. Оның айтуынша, қазіргі кезде қозғалыстың 19 қалада кампусы, 15 мыңға жуық белсенді мүшесі бар. Қозғалыс елімізде ондаған азаматтық бастамалар мен акцияларды ұйымдастырып үлгерген. Жастар вандализммен, рұқсат етілмеген жерге қоқыс төгушілермен, көмелетке толмаған балаларға ішімдік сатушылармен, есірткі таратушылармен және басқа да әлеуметтік ке-



Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сильван Гиоге бастаған француз кәсіпкерлерімен кездесті. EDF, Veolia, AZ Syndicat, S3Medical, Dualest, СП ALMGT, Richel Group сынды жетекші француз компаниялары мен Франция-Қазақстан Сауда-өнеркәсіп палатасының (CCIFK) өкілдері Шымкентте бірқатар бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық білдірді.

Қала әкімі мегаполиске көрсетілген ықылас үшін француз делегациясына алғысын білдіріп, бизнес-форум аясында өткен B2B және G2B кездесулері ынтымақтастыққа жаңа серпін беріп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтті.

Кездесу барысында 2025–2028 жылдарға арналған ынтымақтастықты нығайтуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға бағыт-

ФРАНЦУЗДЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР МЕГАПОЛИСТЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ІЗДЕЙДІ

талған Жол картасына қол қойылды. Құжатта мәдени және білім алмасуды дамыту, қала құрылысы, ауыл шаруашылығы және қала инфрақұрылымы салаларында озық француз технологияларын енгізу, сондай-ақ денсаулық сақтау, ғылым және білім беру салаларындағы өріптестікті арттыру қарастырылған.

Бұдан бөлек, келісім туризмді дамытуға ықпал етеді. Оның ішінде Шымкентте Франция мәдениеті күндерін және Францияда Шымкент күндерін өткізу, сондай-ақ инвестициялық ахуалды жақсарту мен іскерлік байланыстарды кеңейту шаралары бар. Жол картасын іске асыру қала тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, Шымкенттің тұрақты дамуында маңызды қадам болмақ. Бұдан бөлек, шара аясында гастрономиялық кешкі ас ұйымдастырылды. Онда әйгілі француз шеф-аспазы Карлос Марсал мен қазақстандық шеф-аспаз Артём Канцев қонақтарға қазақ және француз тағамдарын заманауи үлгіде ұсынды.

Бұл шара Париждегі Мишлен жұлдызына ие мейрамханалардың бірінде қазақ ұлттық асханасының таныстырылымы өткен халықаралық жобаның жалғасы болды. Кешкі астың басты мақсаты – екі елдің мәдени және гастрономиялық мұрасын біріктіру.

Кездесу Мемлекет басшысының инвестиция тарту, инвестициялық климатты жақсарту және бизнес жүргізу шарттарын оңтайландыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында ұйымдастырылды.

Айта кетейік, өткен жылдың желтоқсан айында Шымкент әкімі Қазақстандағы Франция Елшісі Сильван Гиогемен кездесу өткізген болатын. Келіссөздер нәтижесінде Франция мен Шымкент компаниялары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум ұйымдастыру туралы келісімге қол жеткізілген.

ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІН ҚАЙТА ҚАРАУ БОЙЫНША ҮКІМЕТ НЕ ҰСЫНДЫ?

Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуде Үкіметке қосымша құн салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды

– Кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн. Экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды өзіңдерің қарастырып, қалай жасау керек. Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымыз білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс.

Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс.

Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті, кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен, бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет

бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ой-пікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚР Үкіметі қандай ұсыныс жасады?

11 ақпан күні Қазақстан үкіметі қосымша құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесін өзгерту туралы мәлімдеме жасады. Кездесу “Атамекен” ҰКП қолдауымен ұйымдастырылды, оған бизнестің, қауымдастықтардың, қоғамдық және салалық бірлестіктердің 150-ден астам өкілі қатысты.

Өз кезегінде ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин салық реформасы шеңберінде ҚҚС сараланған мөлшерлемелерін белгілеу жөніндегі Үкіметтің ұсыныстарын айтты.

“Біз мынадай тетікті қарастыруды ұсынамыз: жалпы белгіленген ҚҚС мөлшерлемесі 16 пайыз, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді ҚҚС-тан толық босату, ал бірқатар салалар үшін – 10 пайыз мөлшеріндегі аралық мөлшерлеме. Осылайша, Үкімет ұсынып отырған мөлшерлемелерді саралау: 16 пайыз, 10 пайыз, 0 пайыз және босату”, – деп түсіндірді Азамат Әмрин.

Қазіргі уақытта аграрлық секторда шаруа қожалықтары

ҚҚС төлемейтіні, ал заңды тұлғалар қолда бар жеңілдіктерге байланысты бюджетке төлеуге тиісті салықтардың тек 30 пайызын төлейтіні атап өтілді. Жаңа тетіктер бойынша олардың ешқайсысы ҚҚС төлемейтін болады. Бұл қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерін (картоп, қызанақ, пияз және басқалары) бөсекеге қабілетті етуге мүмкіндік береді. 10 пайыз мөлшерлеме қолданылатын салалардың түрлері бизнеспен әлі де талқыланып жатыр.

Сондай-ақ кездесуде жеңілдетілген декларация мен бөлшек салық режимін, оның мәні – кіріс шегін жылына 600 мың АЕК (2 млрд 359 млн теңге) мөлшерінде сақтай отырып, қайта қарау бойынша ұсыныстар айтылды. Негізгі өзгеріс – бұл режимді тек B2C сегментінде (бөлшек саудада) жүзеге асыру. Жұмысшылар саны бойынша шектеуді алып тастау ұсынылды. Кәсіпкердің сатудан түскен табысы жылына 100 млн теңгеден асатын болса, салық салынатын табысты еңбекақы қоры (еңбекақы төлеу қоры) сомасына азайту мүмкіндігі көзделген. Осылайша, 100 млн теңге шегі жалғасын ақтауға ынталандыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте бөлшек салықтың 4 пайыз мөлшерлемесі (мәслихаттардың 50 пайызға төмендету мүмкіндігімен) сақталады.

Салық реформасын іске асыру кезінде ел бюджетіне түсетін салық түсімдері жыл сайын 4-5 трлн теңгеге артады деп күтіледі.

ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ТЕКСЕРДІ

Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Шымкенттегі энергиямен қамтамасыз ететін стратегиялық нысандарды аралап, қаланың активімен «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жоспарын іске асыру бойынша кеңес өткізді.

Әкімдіктің мәліметі бойынша, бүгінде 29 км жылу желісі және 330 км электр желісі реконструкцияланды. Қазандықтар жөнделіп, 50 электр трансформаторлары ауыстырылды. Кеңес барысында тек желілердің ғана емес, электр подстанцияларының құрылысы да Ұлттық жобаға енгізілуі ұсынылып, мақұлданды. Осылайша, Шымкентте 400 км-ден астам ескірген электр желілерін ауыстыру және қуаты 125 МВт болатын жаңа «Қызылсу» электр подстанциясының құрылысы қарастырылып жатыр.

Кейін Вице-премьерге өкімшілік-іскерлік орталықтағы қазандықтың жұмысын көрсетіп, қазіргі таңда ол қаланың 10%-ын жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етіп отырғаны жеткізілді. Жергілікті билік 2027 жылға дейін қолданыстағы 5 қазандыққа қоса жалпы қуаты 120 Гкал болатын 4 қазандық орнатуды жоспарлап отыр, бұл қалаға жылу беру көлемін 20%-ға арттырады (150-ден 530 үйге дейін).

Сонымен қатар, Қанат Бозымбаев өңірдегі жалғыз ТЭЦ-3 станциясын аралап, ол қалаға 70% жылу және 30% электр энергиямен қамтамасыз ететінін атап өтті. ТЭЦ-3-тің қалаға дейінгі жылу желісінің жалпы ұзындығы 60 км-ге жуық, ал олардың тозуы 90%-ды құрайды. Осыған байланысты, Ұлттық жобаға осы жылу желілерінің 17 км реконструкциялауын қосу туралы шешім қабылданды.

2025 ЖЫЛДАҒЫ АЛФАШҚЫ ҮШЕМ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Шымкент қалалық №2 ауруханаға қарасты перзентханада үшем дүниеге келді. 22 жастағы Ахилбек Жамила үшемді - 2 ұл және 1 қызды дүниеге әкелді. Нәрестелердің салмағы 2770, 2410 және 2095 грамм болды. Дәрігерлер келіншекті кесір тілігі арқылы ота жасап, босандырып алған. Қазіргі таңда мерзімінен бұрын туған нәрестелердің жағдайы бірқалыпты. Бұл отбасындағы тұңғыш сәбилер. Айта кетейік, 2024 жылы Шымкентте 28936 сәби туылған. Оның 14099- қыз баласы, 14837 ұл бала.

ҚЫСҚЫ АЗИАДА-2025: ШЫМКЕНТТІК СПОРТШЫЛАР ТАБЫСТЫ ӨНЕР КӨРСЕТУДЕ



Қазақстандық спортшылар Қытайдың Харбин қаласында өтіп жатқан IX қысқы Азия ойындарында жоғары нәтижелер көрсетіп, ел қоржынына бірнеше жүлде салды.

Фристайл-акробатикадан екінші алтын медаль Фристайл-акробатикадан ерлер арасындағы синхронды секіру сынында қазақстандық Шерзод Хаширбаев пен Роман Иванов 97.92 ұпай жинап, алтын медаль жеңіп алды. Қытайлық спортшылар күміс пен қоланы иеленді. Бұл – Қазақстан құрамасының Азиададағы екінші алтыны.

Бұған дейін Ардана Маханова мен Аяна Жолдас фристайл-акробатикадан әйелдер ара-

сындағы синхронды секіруде қола жүлде еншілеген болатын. Сондай-ақ, қазақстандық спортшылар аралас командалар арасындағы сайыста күміс жүлдеге ие болды.

Фристайл-акробатикадан аралас командалық жарыста Шымкент қаласының спортшыларынан құралған Қазақстан құрамасы жоғары нәтиже көрсетті. Аяна Жолдас, Асылхан Асан және Шерзод Хаширбаев 235.39 ұпай жинап, күміс медаль иеленді. Бұл – шымкенттік спортшылар үшін тарихи жетістік.

Шымкенттік велошабандоз Азия чемпионатының жүлдегері атанды

Тайландтың Пхитсанулок қаласында өткен велоспорттан Азия чемпионатында шымкенттік спортшы Альмир Валиев Mix Relay ТТТ (21,4 км) эстафетасында күміс жүлде иеленді. Бұл – Шымкент қаласының велоспорт тарихындағы алғашқы Азия чемпионаты жүлдесі.

Қазақстан спортшыларының бұл жетістіктері еліміздегі қысқы және жазғы спорт түрлерінің қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Жеңімпаздарымызды құттықтаймыз!

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА КЕЛДІ

Вице-премьер Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровпен бірге Сауран ауданына барып, жақында пайдалануға берілген аумақтық органдар ғимаратын аралап көрді. 2,1 гектар аумақта орналасқан ғимараттың жалпы ауданы 7 300 шаршы метрді құрайды. Мұнда мемлекеттік қызметшілер мен тұрғындарға қолайлы жағдай жасалған. Жалпы, құрылғанына 4 жыл болған Сауран ауданының инфрақұрылымы жақсарып, әлеуеті көтеріліп келеді. Өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында ауданда 5 нысан салынған. Өзге жобалар бойынша да әлеуметтік нысандармен толығуда.

Саурандағы аумақтық органдар ғимаратында вице-премьерге аймақта «Ауыл – Ел бесігі» жобасының орындалу барысы таныстырылды. Осы жоба арқылы салынған ғимараттар мен алдағы жоспарлар баяндалды.

Айта кетейік, Түркістан облысында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 5 жылда 113,2 млрд. теңге қаржы бөлініп, 1 567 жоба жүзеге асты. 173 әлеуметтік және 104 инфрақұрылымдық нысан салынып, 1 571 ішкі көше орташа жөндеуден өтті. Нәтижесінде 328 елді мекен қажетті инфрақұрылыммен қамтылып, 10 мыңға жуық адамға жұмыс орындары ашылды.

ӨҢІРДЕГІ СУ ҚОЙМАЛАРЫН БАҚЫЛАДЫ

Вице-премьер өңірдегі ірі су қоймаларының қазіргі жай-күйін бақылады. Алдымен тікұшақпен «Бөген», «Бөйдібек ата», «Шардара» су қоймаларына әуеден визуалды бақылау жасалды. Судың мөлшері, жайылуы, толымдылығы зерделенді. Одан кейін «Көксарай» контрреттегішіне арнайы барып, жағдайын қадағалады. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров пен Төтенше жағдайдың алдын алуға жауапты басшылардың су тасқынына қарсы дайындық жұмыстары мен жоспарларын тыңдады.

«Көксарай» су реттегішінің жалпы сыйымдылығы 3 млрд текше метрді құрайды. Бірақ қазіргі уақытта техникалық жағдайына байланысты 1,5 млрд текше метр ғана су қабылдайды. Сондықтан «Көксарай» су реттегішін реконструкциялауға Су шаруашылығы комитеті тарапынан ЖСҚ әзірленді. Биыл «Ислам даму банкінің» қолдауымен құрылыс-монтаж жұмыстарын бастауды жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру арқылы контрреттегіште екі есе көп, яғни, 3 млрд текше метр су жинауға мүмкіндік туады.

Сондай-ақ Қанат Бозымбаевқа «Бөген», «Шардара» және «Бөйдібек ата» су қоймаларының қазіргі ахуалы таныстырылды. Бүгінде «Шардара» су қоймасының толу көрсеткіші 85 пайыздан сәл асты, бұл өткен жылдың осы кезеңдегі көлемінен жоғары. Мамандар су деңгейін бақылауда ұстайды. «Шардара» су қоймасы бөгетінің сейсмо тұрақтылығын қайта құру және нығайту нысаны бойынша республикалық бюджеттен 7,7 млрд теңге қаржы қаралып, 2024 жылы құрылыс жұмыстары аяқталды.

«Бөген» – оңтүстіктегі ең ескі су қоймаларының бірі, 1962 жылдан бері жұмыс істейді және жөндеуді қажет етеді. Су қойма 67,8 мың гектар жерді ағын сумен қамтамасыз етеді. 2021-2022 жылдары су қоймада төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында көпфакторлы зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде күрделі жөндеу жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Ал, Бөйдібек ауданындағы «Бөйдібек ата» су қоймасының құрылысы өткен жылы көктемгі тасқын суларды жинау мақсатында басталған болатын. Жалпы құны 15,7 млрд теңге болатын нысанның сыйымдылығы – 68 млн м3. Бұған дейін бөлінген қаржы игеріліп, жұмыстар атқарылды. Тиісті қаржы толық бөлінген жағдайда, құрылыс жұмыстарын 2025 жылы толық аяқтауға мүмкіндік бар. Негізгі су көзі – Бөген өзені, жалпы ауданы – 680 гектар. Бөгеттің ұзындығы – 1,75 шақырым, ал биіктігі – 26 метр. Аталған каналдың бойында 1 369 гектар суармалы жер тұрақты ағын сумен қамтамасыз етіледі.

Қанат Бозымбаев су нысандарына



қатысты ұсыныстар мен пікірлерді тыңдады. Су тасқынына және вегетациялық кезеңге дайындық жоғары деңгейде болуы керектігін ескертті. Түркістан өңірінде бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады.

«ҚОСҚОРҒАН» СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ АХУАЛЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аталған нысан маңында вице-премьерге су тасқынына қарсы іс-шаралар, ауыз сумен қамтамасыз ету, жылумен қамту, ұлттық жоба аясында желілерді жаңарту, электр энергиясы мен газбен қамту жұмыстары баяндалды. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров аймақтың инфрақұрылымын жақсарту бағытында жүйелі жұмыс жалғасып жатқанын мәлімдеді.

Қанат Бозымбаев су тасқынының алдын алу, су нысандарын реттеу жұмыстарын күшейтуді, жауапты мекеме басшыларына өз міндеттеріне мұқият болуды тапсырды.

Өңірде «2024-2025 жылғы қыс-көктемгі су тасқынына қарсы инженерлік іс-шаралар» жоспары бекітіліп, 39 іс-шара енгізілген. Қазіргі таңда 28 іс-шара толығымен аяқталып, қалған іс-шаралар бойынша жұмыстар жалғасуда. «2024-2025 жылғы күз-көктемгі су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу іс-шараларын жүргізу» жоспары аясында 461 шақырым арықтар (саны – 1203), жалпы ұзындығы 654 шақырымды құрайтын 165 канал, 30 шақырым дюбинг-өткелдер тазалаудан өткізілген. 9 өзеннің арнасы тазаланп, 5 шақырым канал бетондалды. Нәтижесінде 24 елді мекенде су басу қаупі сейілді. Су тасқынын алдын алу бойынша жоспардан тыс Бөген өзенінің 2,5 шақырымын, Боралдай өзенінің 3 шақырым арнасын түзету жұмыстары жүргізіліп, Ақбастау елді мекенінде 600 метр қашыртқы қазылды. Нәтижесінде 4 елді мекенде су басу қаупі сейілді. Автокөлік пен темір жолдарындағы өткелдердің (жалпы 5476) 89 пайызы тазаланды. Су тасқынына қарсы инертті материалдар, техникалар әзірленген.

Түркістан облысында қаңтар айында қардың деңгейі 40 сантиметр болды. Өзендердегі су көлемі орта деңгейден төмен. 42 су қойманың жалпы толу деңгейі орта есеппен 35 пайызды құрайды. Оның ішіндегі 5 ірі су қоймасына келсек, «Шардара» су қоймасы 85 пайызға, «Көксарай» су реттегіші 23 пайызға, «Бөген» 74 пайызға толған. Ал «Қосқорған» су қоймасының толу деңгейі қазірше 4 пайызды құрап отыр. Аталған су нысандары тұрақты бақылауға алынған. Жағдай тұрақты. 2021-2022 жылдары «Қосқорған» су айдындарына көп факторлы тексеру жүргізіліп, су айдынының қанағаттанарлықсыз жағдайда екені анықталды. Су қоймасына күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жобалау-сметалық құжаттама әзірленді, мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысы алынды.

«Қосқорған» су қоймасының негізгі мақсаты – Сауран ауданына қарасты 5 ауылдық округтегі (Ораңғай, Яссы, Қара-



шық, Қарнақ, Жүйнек) су басу қаупінің алдын алу. Сонымен бірге су қоймасы 7 420 гектар жерді ағын сумен қамтамасыз етіп, «Кенсай-Қосқорған - 2» су қоймасына ағын су жеткізеді. Наурыз - сәуір айларындағы тасқын сулар есебінен толтырылып, кейіннен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне босатылады. Су қойманың негізгі су көздері – Каратау бөктерінен келетін Байылдыр өзені мен Кентау шахтасының суы.

Қанат Бозымбаев жергілікті тұрғындармен кездесіп, пікір алмасты. Кентаулық тұрғындар көп жылдан бері елді алаңдатқан №5 Жылу энерго орталығының мәселесі шешіліп, жаңғыртудан өткізілгеніне, осы арқылы жылу мәселесі шешілгеніне Президентке, Үкіметке және облыс, қала әкімдігіне алғыстарын білдірді.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Кентау тұрғындарын және әлеуметтік нысандарды сапалы жылумен қамтамасыз ету мақсатында «Кентау қаласы ЖЭО-ның №7,8,9,10,11,12 қазандықтарын күрделі жөндеу» жобасы әзірленіп, жылу көздерін жаңғыртуға Үкімет резервінен қаражат бөлінді. Жарты ғасырдан астам уақыт жөндеу көрмеген Жылу энерго орталығында қазандықтардың қайта құру жұмыстары қолға алынды. 6 қазандықтың қайта құру жұмыстары атқарылып, 5 қазандықта қайта құру жұмыстары аяқталды. Ал бір қазандық қайта құрудан соң жақын күндері іске қосылады. Бұдан бөлек, 2 қазандыққа ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. №5 қазандық бюджет есебінен, №6 қазандық демеушілер есебінен жөндеуді. Кентау қаласындағы 6,6 шақырым магистральды жылу желілері қайта жаңартылды.

«ШАҒЫН ӨНЕРКӘСІПТІК ПАРК» ЖОБАСЫ ӨЗ НӘТИЖЕСІН КӨРСЕТУДЕ

Қанат Бозымбаев Түркістан облысына жұмыс сапары барысында «Шағын өнеркәсіптік парк» жобасы аясында салынған өндірістік паркті аралап көрді. Азық-түлік қоймасының жұмысымен танысты. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров аймақта атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Қанат Бозымбаев жергілікті кәсіпкерлермен кездесіп, «Ауыл аманаты» жобасы арқылы кәсіп ашқан азаматтар өндірген өнімдердің көрмесін тамашалады. Көрмеде сүт, балық өнімдері, жеміс-жидек пен бақша өнімдерін консервілеу, жартылай фабрика ет өнімдері, қазы-қарта, түйе сүті, Африка түйе құсы, өсімдік шаруашылығы, көкөніс, жылыжай салу, домбыра жасау, қобыз, қолөнер бұйымдарын шығару, пластик жәшік шығару, жұмыртқа лотогын шығару және өзге де жоба

Түркістан облысына ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев жұмыс сапарымен келді. Мақсат - аймақты дамыту жұмыстарымен танысу, су нысандарының жай-күйін бақылау және мемлекеттік бағдарламалардың халыққа қолжетімділігін үйлестіру.

нәтижелері ұсынылды. Кәсіпкерлер вице-премьермен пікір алмасып, өзекті мәселелерді қозғады. Әсіресе, тауарды сертификаттаудағы қиындықтарды шешуге ықпал етуін сұрады. Сонымен бірге мемлекеттік қолдауларға алғыстарын білдірді.

Айта кетейік, 2 жылда облысқа жоба шеңберінде 22,8 млрд. теңге бөлінді. Нәтижесінде, 3 293 жоба қаржыландырылып, 3 665 жаңа жұмыс орны ашылды.

Премьер-министрдің орынбасары өндірістік парктегі бірнеше кәсіпорынды аралап, жұмысын көрді. Атап айтқанда, «BNK GROUP» ЖСШ мен «Тұран су» мекемесінің су үнемдеу технологияларын шығаратын өндіріс орнында, «Ақниет Holding» жинау зауытында болды. Бүгінде «BNK GROUP» зауытында 40-қа жуық адам жұмыспен қамтылған. Жылына 50 мың гектар жаңбырлатып сугару және 14 мың гектарға тамшылатып сугару технологиясын өндіруге қауқарлы. «Тұран су» мекемесінің өндіріс орны былтыр ашылған. 25 адам

жұмыспен қамтылған кәсіпорында су үнемдеу технологиялары өндіріледі. Ал жинау зауытында 80-нен астам жұмыс орны ашылған. Жылына 24 мың мектеп партасын, 17 мың кеңсе жиһазы, 17 мың медициналық жиһаз өндіріледі.

Сонымен бірге «JASYL SUYQ QAZAQSTAN» ЖШС-нің тоңазытқыш және мұздатқыш құрылғыларын өндіретін зауытында болды. Украиналық инвестор – «UBC group» компаниясы ашқан бұл зауытта 350 жұмыс орны құрылған. Жылына 40 000 мұздатқыш құрылғы шығара алады.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес Түркістан облысында инвестициялық жобаларды арттыру мақсатында 30 гектар жерге 3 кезеңді қамтитын, 39 ғимараттан тұратын өндірістік парктің құрылысы жүргізілуде. Жобаның құны 17 млрд. теңге болса, инвестиция көлемі 131 млрд. теңгені құрайды. 3 кезең бойынша жалпы 1450 жұмыс орны ашылады.

Бірінші кезеңде 2024 жылы инвестиция көлемі 31 млрд. теңге құрайтын 10 ғимараттың құрылысы аяқталып, 8 өндіріс іске қосылды. Екінші кезеңде 13 ғимараттың құрылысы жүргізілсе, үшінші кезеңде 16 ғимарат пайдалануға беріледі.

Келешекте өндірістік парк аумағын 100 гектарға кеңейтіп, 150-ден аса өндірістік ғимарат салу көзделіп отыр. Жоба аясында 308 млрд. теңге инвестиция тартылып, 6 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Қанат Бозымбаев аймақта өндірісті дамыту бағытындағы жоспарлармен танысып, өңірде жүзеге асқан «Шағын өнеркәсіптік парк» жобасын жоғары бағалады. Кәсіпорындар ашу, өндірісті дамыту бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруды тапсырды.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАТЫН ҚОС ЖОБА БІРІКТІРІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында ауылдардың еңсесін көтеруге бағытталған жобаларды жүйелеп, бір бағдарламаға біріктіру бастамасын көтерген болатын. Түркістан облысында осы мәселеге қатысты мәжіліс өтті. ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен өткен мәжіліске жауапты министрлік өкілдері, Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, аудан, қала әкімдері мен басқарма басшылары қатысты.

– Өздеріңізге белгілі, Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы ауылдық аймақтарды жан-жақты дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру дұрыс шешім болатынын атап өтті. Осыған

(Жалғасы 4-бетте)



Бүгінгі нарық заманында сапасыз тауарды қайтарып беру немесе ауыстырып алу мәселелері өлі де болса өзектілігін жоймаған. Күнделікті күйбең тіршілікте қарапайым тұтынушының құқығына нұқсан келтіретін жайттармен жиі кездесіп жатамыз. Сараң саудагерлер «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заңды елеместен, себепсіз салдарға сүйеніп, тиісті ақшаны қайтаруға асықпайды.

«Тауар қайтарылмайды немесе ауыстырылмайды» деген хабарламаларды кейбір сауда нүктелерінен көруге болады. Алайда, аңқау тұтынушы ақпараттың заңды күші жоқ екенін білмейді. Тауардың қай жерде, базарда, арзан немесе қымбат дүкенде сатылғанына қарамастан, тұтынушы құқығын қорғайтын арнайы заңның барын естен шығармаған жөн.

Қазақстан Республикасының «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» (өрі қарай - Заң) заңның 15-бабында тұтынушылардың тиісті емес сападағы

тауарды айырбастау немесе қайтарып беру құқықтары аталып көрсетілген.

Қысқаша атап өтсек;

Тиісті емес сападағы тауар сатылған тұтынушы, егер сатушы (дайындаушы) оған тауардағы кемшіліктер жөнінде айтпаса, өз таңдауы бойынша:

1) сатып алу бағасын мөлшерлес кемітуді;

2) тауардың кемшіліктерін өтеусіз жоюды талап етуге құқылы;

Тиісті емес сападағы тауарды сатушы оның дайындаушысы болып табылмаған жағдайда, осы тармақтың 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген талаптар сатып алушының таңдауы бойынша сатушыға не дайындаушыға қойылуы мүмкін;

3) тауардағы кемшіліктерді жоюға жұмсаған өз шығыстарын өтеуді;

4) соған ұқсас маркалы (модельді, артикулді) тауарға ауыстыруды;

5) сатып алу бағасын тиісінше қайта есептей отырып, басқа маркалы (модельді, артикулді) сондай тауарға ауыстыруды;

6) шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

Осы тармақтары бірінші бөлігінің 1)-6) тармақшаларында көрсетілген талапты таңдауына қарамастан, кел-

тірілген залалды өтету құқығы тұтынушыға тиесілі болады.

Заңның осы бабы бойынша мысал келтіріп кетсек. 2024 жылдың 9 сәуір күні Кентау қаласындағы авто бөлшектер базарынан қала тұрғыны 65000 теңге 2 дана аккумулятор алған, алайда ол аккумулятор жарамсыз болып шыққан. Заңның 15-бабын қолдана отырып, департаменттің көмегімен 11 сәуір күні тауарды қайтарып беріп, қаржысын қайтарып алды.

Сапасы сәйкес келмейтін тауарларды айырбастау «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 30-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Сатушы (дайындаушы) жарамдылық мерзімі өткен соң сатылған, техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде зияткерлік меншік құқықтары бұзыла отырып шығарылған тауарды оның пайдаланылғанына, тауарлық түрінің, тұтынушылық қасиеттерінің, пломбаларының, заттаңбаларының сақталуына-сақталмауына қарамастан, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруды немесе сатып алынған тауар үшін ақшалай соманы тұтынушыға қайтара отырып,

қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Тұтынушы тауардың кемшіліктерін тапқан және оны ауыстыру туралы талап қойған жағдайда, сатушы (дайындаушы) оны дереу ауыстыруға, ал сатушыға (дайындаушыға) тауардың сапасын қосымша тексеру (сараптама жасау) қажет болған кезде – тиісті талап қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруға міндетті.

Егерде өз құқығыңыздың бұзылғанын байқасаңыз, дүкен сөрелерінде тауар бағасы жазылмаған фактілерді анықтасаңыз немесе әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуі байқалса, я болмаса сапасыз қызмет алсаңыз Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне сол кәсіпкерге қатысты арыз-шағым білдірсеңіз болады. Ол үшін «жедел желі» нөмірлеріне (+7771 322 8282, +7700 606 0071, +7775 224 5616, +7707 347 3876). Сондай-ақ электронды және жазбаша өтініштерді департаменттің мекенжайына (Түркістан қаласы, Жаңа қала мөлтек ауданы, 32 көше, 16 ғимарат, А корпусы, 427 кабинет), «E-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы жіберуге болады.

КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Түркістан облысында биыл ауыл шаруашылығы дақылдарын егу көлемі өт-кен жылдан 26 мың гектарға ұлғайтылып, 896 мың гектар жерге егіледі. Оның ішінде, жаздық дақылдар – 518 мың гектар, күздік егіс – 204 мың гектар, ескі жоңышқа 174 мың гектар жер-ге егілмек. Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде айтылды.

Аймақ басшысы аудан, қала әкімдеріне көктемгі дала жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруды, шаруаларға көрсетілетін мемлекеттік қолдаулар жөнінде тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

– Көктемгі дала жұмыстарына бекітілген жоспардың толық орындалуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Кейбір аудандарда жер жырту, сор шаю жұмыстары төмен деңгейде атқарылуда. Мерзімінде аяқтауды тапсырамын. Өңірлік операторлар арқылы дизель отынын тұрақты босату, қажетті минералды тыңайтқышты ендіру, жоғарғы репродукциялы тұқымдармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалаңыздар. Егістік алқаптарына су үнемдеу технологияларын ендіру жұмыстары күшейтілуі керек, – деген Нұралхан Көшеров аудан, қала әкімдерінің осыған қатысты уәждерін тыңдады.

Жиында көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы туралы облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков баяндады.

Бетті жинақтаған: Аружан МАТТАЙ

Оның айтуынша, бүгінде жер айдау жұмыстары 50 пайыздан асса, сор шаю жұмыстары 30 пайыздан аса орындалған. Көктемгі дала жұмыстарына 55,3 мың тонна жеңілдетілген жанар-жағармай бөлініп, босату жұмыстары басталды. Дала жұмыстарына 25 мың бірлік техника қызмет атқаруда. Осы жылы ауыл шаруашылығы техникалар паркін 6,5%-ға жаңарту көзделуде. Ауыл шаруашылығы министрлігінің жол картасына сәйкес, жыл соңына дейін 190 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізіледі. Бағдарламаға өтінім қабылдау басталды.

Тауар өндірушілерде жаздық дақылдардың қажетті тұқым көлемі жеткілікті. Нақтырақ айтқанда, егіске қажетті 4,3 мың тонна бидай, 6,7 мың тонна арпа, 1,8 мың тонна мақсары, 3,6 мың тонна мақта, және 0,9 мың тонна жоңышқа тұқымдары бар. Ал, жүгері және картоп тұқымдары коммерциялық ұйымдардан алынады. Мақта сапасын арттыру мақсатында жоғарғы репродукциялы 3,3 мың тонна мақта шиті Түркия, Өзбекстан, Қытай елдерінен импортталмақ.

Апталық мәжілісте Мемлекет басшысының тапсырмаларын уақтылы орындау мәселесі, «Жайлы мектеп» жобасының жүзеге асырылу барысы және жылыту маусымының жай-күйі сараланды. Ұлттық жобалар аясында атқарылатын жұмыстар пысықталып, жауапты басшыларға тиісті тапсырмалар берілді.

44 МЛРД ТЕҢГЕГЕ 34 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ



Түркістан облысы ауыл шаруашылығы саласындағы көрсеткіштер бойынша республикада бірінші орында тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы саланы дамытуға қатысты тапсырмаларын орындауда жүйелі жұмыс бар.

Аймақта 2024 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1 083,6 млрд теңгені құрады. Оның ішінде: өсімдік шаруашылығы өнімі – 690,5 млрд теңге, мал шаруашылығы – 383,6 млрд теңге.

Жеке-жеке тоқталсақ, 12 айда 245,8 мың тонна ет (11,6% өсім), 447,1 мың тонна сүт (12,8% өсім), 251,1 мың дана жұмыртқа (1,7%

өсім) өндірілді. Ірі қара мал басы – 970,1 мың, жылқы – 430,7 мың, қой – 4 318,6 мың болса, түйе 41 мың басқа жетті.

Былтыр 44,6 млрд. теңгеге 34 инвестициялық жоба іске асырылып, 300-ге жуық жұмыс орны құрылды. Оның ішінде ең ірілері: Бәйдібек ауданында «Egnur-Корпорация» ЖШС-нің «5000 басқа арналған ІҚМ бордақылау кешені» жобасы (2 млрд. теңге), Қазығұрт ауданындағы «Қарқын - 2030» ЖШС-нің құны 1,1 млрд. теңге болатын «Қуаттылығы жылына 25 мың бас ІҚМ сою бекеті» жобасы, Сайрам ауданында «Nurym Group» ЖШС-нің құны 2,3 млрд теңге болатын «Қуаттылығы жылына 46 мың тонна құрама жем зауыты» жобасы. Сонымен бірге Сауран ауданындағы «Жасыл Аймақ» ауыл шаруашылығы кооперативінің құны 3,5 млрд. теңге болатын «5000 басқа арналған ІҚМ бордақылау кешені» жобасы және Шардара ауданындағы «VITA» ЖШС-нің құны 1,5 млрд. теңгелік «Қуаттылығы жылына 136 тонна құрама балық өнімін өндіру» жобасы жүзеге асырылған.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА КЕЛДІ

орай, бүгін «Ауыл аманаты» және «Ауыл – Ел бесігі» жобаларын біріктіріп жүзеге асыру мәселесін талқылағалы отырмыз. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы бойынша 2019 жылдан бастап 700 млрд теңгеден астам, «Ауыл аманаты» бойынша 100 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінді. Ауылдық аймақтарды дамытудағы ірі жобалар. Осыған сәйкес, орталық және жергілікті атқарушы органдар ауылдардың дамуы мен халық табысын арттыру мақсатында жобаларды жан-жақты, жаңа механизмдерді қолдану арқылы барынша бірлесіп атқаруы тиіс. Сонымен қатар жобаларды біріктіріп іске асыру барысында «AMANAT» партиясының пікірлері назарға алынуы тиіс. Ұлттық экономика министрлігі «Ауыл

аманаты» және «Ауыл – Ел бесігі» жобаларының Түркістан облысында іске асыру тәжірибесін ескеріп, біріктіру барысында қолдануды қарастыруы қажет, – деді Қанат Бозымбаев.

Мәжілісте Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков баяндама жасады. Оның айтуынша, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы басталғалы бері еліміздегі 2,5 мың ауылда 6,6 мыңға жуық жоба іске асырылған. Биыл 500-ге жуық ауылдық аумақта 900-ден астам жобаны іске асыруға 176,4 млрд теңге жоспарланған. Ал, «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 17 мың жеңілдетілген шағын несие берілді. Қазіргі таңда «Ауыл аманаты» және «Ауыл – Ел бесігі» жобаларын бір бағдарламаға біріктіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Біріншіден, «Ауыл Аманаты» және «Ауыл – Ел бесігі» жобаларын іске асыруды басым тәртіппен даму әлеуеті бар ауылдарда жүзеге асыру ұсынылады. Өлшемшарттарды қайта қарау қорытындысы бойынша даму әлеуеті бар ауылдар саны ұлғаюы мүмкін (шамамен 500 АЕМ-ге) және бұл ауылдарды көбірек қамту үшін оң әсерін тигізеді. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша қаржы ресурстарын өділ және стратегиялық түрде бөлу, экономикалық негіздемені күшейту және мониторинг механизмдері жетілдіріледі. Жобаларды бір бөлімге біріктіріп, «Ауыл аманаты» атауын беру ұсынылып отыр. Бұл Президенттің 2023 жылғы Жарлығына сәйкес 2023-2027 жж. ауылдық аумақтарды дамыту Тұжырымдамасына біріктіру көзделіп отыр.

2025 ЖЫЛДЫҢ СӘНДІ АЯҚ КИІМІ

2025 жылы аяқ киім сәнінде бірнеше қызықты трендтер байқалатын болады, олар классикалық стильдер мен заманауи элементтердің үйлесімінен тұрады. Міне, солардың кейбірі:

1. Экологикалық және тұрақты материалдар

Тұрақтылық — 2025 жылы сән индустриясының басты тенденциясы. Аяқ киімдерде экологиялық таза, қайта өңделетін немесе биологиялық ыдырайтын материалдар көп қолданылатын болады. Күнделікті өмірде қолданысқа ыңғайлы, бірақ табиғатты қорғауға көмектесетін материалдар сәнде болады. Сонымен қатар, жасыл технологиялар мен экологиялық таза өндіріс әдістері маңызды рөл атқарады.

2. Платформалар мен жоғары каблуктар

Платформалы аяқ киімдер 2025 жылы тағы да трендте болады, әсіресе күнделікті стильдерде. Олардың ішінде аласа немесе жоғары платформалар, сондай-ақ кең каблук пен қатты негіздер болуы мүмкін. Бұл стиль тек сән үшін емес, сонымен қатар жайлылықты қамтамасыз етеді.

3. Ретро және винтаж стильдер

Винтаждық стильдер қайта оралады, әсіресе 90-шы жылдардағы классикалық кроссовкалар мен етік үлгілері. Кроссовкалар мен спорттық аяқ киімдер бірегей түс пен бөлшектермен ерекшеленіп, тарихи элементтерді қамтиды. Сонымен қатар, ескі дәуірдің аяқ киімдері мен арнайы қолмен жасалған сәнді бұйымдар да тренд болады.

4. Металл және жылтыр материалдар

Металл реңктері, жылтыр тері, күңгірт немесе голографиялық аяқ киімдер сәнде болады. Бұл стиль 2025 жылы күндізгі және кешкі іс-шараларға дейін өртүрлі жағдайларға арналған аяқ киімдерде кездеседі.

5. Сәнді және спорттық стильдер

Кроссовкалар мен спорттық аяқ киімдер заманауи өмірдің бір бөлігі болып қалатынын ескерсек, олар тағы да сәнде болады. Жеңіл, ыңғайлы, бірақ стильді аяқ киімдер күнделікті киімдермен үйлеседі. Спорттық стильдер әсіресе жастар арасында танымал болмақ.

6. Сандалдар мен сабо
Жазғы маусымда сандалдар мен сабо аяқ киімдері, соның ішінде нәзік қаптамасы мен сәнді аяқ киімдер кеңінен танымал болады. Олар жайлылық пен стильдің тамаша үйлесімін ұсынады.

7. Ультра жеңіл және модульді аяқ киімдер

2025 жылы аяқ киімдер жеңіл, бірақ технологиялық тұрғыдан дамыған болады. Модульді, түрлі элементтерді өзара біріктіруге мүмкіндік беретін аяқ киімдер де сәнге енуі мүмкін. Әсіресе, өзгерілетін немесе біріктірілетін стильдер ыңғайлы әрі практикалық болып табылады.

ШАЛБАР МЕН БЕЛДЕМШЕЛЕРДІ ҚАЛАЙ ТАҢДАҒАН ЖӨН?

2025 жылы шалбарлар сәнінде бірнеше маңызды тенденциялар байқалады. Бұл жылда классикалық элементтер мен заманауи жаңашылдықтар бірігіп, өртүрлі стильдерді ұсынатын болады. Міне, 2025 жылдың сәнді шалбарларының негізгі трендтері:

1. Қуатты силуэттер мен кең пішіндер

2025 жылы шалбарлар кең және бос пішіндермен ерекшеленеді. Мұнда классикалық джинс пен офис шалбарларының да кеңейген үлгілері, сондай-ақ, тренч немесе қондырылған белдік сияқты акценттер бар. Бұған қоса, шалбардың төменгі бөлігі кеңейіп, аяқтың бойына қарай

төгіліп тұратын шалбарлар сәнге айналады.

2. Белі жоғары

Жоғары белді шалбарлар 2025 жылы да сәнде болады. Бұл стиль белді жоғары көтеріп, дене сұлулығын айқындайтын және аяқтарды ұзартатын өте тиімді әдіс болып табылады. Осы стильде классикалық және заманауи шалбарлар, мысалы, кең пішінді палаццо шалбарлары мен түйреуішті джинсылар кеңінен қолданылатын болады.

3. Техно стильдегі шалбарлар
Техно және футуристік стильдер де сәнде болады. Мұндай шалбарлар ерекше текстуралармен, шығыңқы сызықтармен, арнайы жабдықтармен (қосымша қалталар, белдіктер және басқа да аксессуарлар) безендірілген. Бұл шалбарлар жұмысқа немесе күнделікті киімге сай келетін, бірақ ерекше стильде орындалады.

4. Спорттивті стильдер мен трек шалбарлары

Спорттивті стильдегі шалбарлар, әсіресе трек шалбарлары мен джоггерлер, 2025 жылы тағы да танымал болады. Бұл шалбарлар көбінесе жеңіл, ыңғайлы және функционалды, бірақ заманауи дизайнмен безендірілген. Белдіктер мен тар қалталар қосылған немесе түрлі кестелеулермен сәндеген шалбарлар сәнде болады.

5. Скинни және тік пішінді шалбарлар

Скинни шалбарлар 2025 жылы да сұранысқа ие болады, бірақ оларды жаңа стильдермен және түрлі маталармен безендіру кеңінен таралған. Сонымен қатар, тік пішінді шалбарлар мен классикалық, «қосымша ұзындығы бар» шалбарлар да сәнде болады. Бұл модельдер стильді әрі жайлы болып, кез келген

жағдайға сай келеді.

6. Түс және принттер
2025 жылы шалбарлар көбінесе түрлі түс пен принттермен ерекшеленеді. Мысалы, пастельді немесе ашық түстер, экстравангты геометриялық орнектер немесе флоральды принттер өте танымал болады. Қарапайым, бірақ бірегей стилдермен үйлескен жолақтар мен кейбір геометриялық сипаттар да маңызды орын алады.

7. Тері шалбарлары мен экологиялық материалдар

Тері шалбарлары немесе жасанды тері маталарынан жасалған шалбарлар 2025 жылы сәнде болады. Экологиялық материалдар мен қайта өңделген өнімдер трендке еніп, тері шалбарлардың өртүрлі стильдері мен түстері жиі кездеседі. Бұл шалбарлар күнделікті киімдер мен кешкі стильдерге жарайды.

8. Басқа экстравангты бөлшектер

Бұған қоса, шалбарларда түрлі бөлшектер мен ерекше өңдеулер, мысалы, металды элементтер немесе үзік жіптер, сонымен қатар, ерекше түйреуіштер мен жабдықтар қолданылуы мүмкін. Бұл шалбарлар өртүрлі салтанатты іс-шараларға, сондай-ақ күнделікті өмірде де өте стильді көрінеді.

2025 жылы шалбарлар сәнінде ыңғайлылық, стиль және экологияның үйлесімі айқын байқалады. Кең пішінді шалбарлар, жоғары белді модельдер мен заманауи стильдер өртүрлі өмір салттарына сай келеді. Қарапайым және экстравангты элементтермен үйлескен шалбарлар жаңа сән дәуірінің маңызды белгісі болмақ.

Ал 2025 жылы белдемшелер (юбкалар) сәнінде өртүрлі стильдер мен пішіндер байқалады, олардың арасында классикалық және заманауи элементтер



үйлесім табады. Жаңа маусымда белдемшелердің пішіні мен материалы өртүрлі, бірақ олардың бәрі стильді әрі ыңғайлы болуға бағытталған. Міне, 2025 жылы сәнде болатын негізгі белдемше стильдері:

1. Қысқа және жоғары белді белдемшелер

2025 жылы жоғары белді қысқа белдемшелер ерекше танымал болады. Бұл стиль белді жоғары көтеріп, аяқтарды ұзартуға көмектеседі. Белдемшелер көбінесе мини немесе миди ұзындығында болады, оларды өртүрлі түс пен материалдарда табуға болады. Бұл стиль жастар арасында танымал болады, себебі ол сексуалды әрі заманауи көрініс береді.

2. Плиссирленген белдемшелер

Плиссирленген белдемшелер 2025 жылы қайтадан сәнге келеді. Олар классикалық және заманауи элементтердің тамаша үйлесімін ұсынады. Плиссированная юбка көбінесе жеңіл, ағып тұрған маталардан жасалады, олар еркін әрі нәзік көрінеді. Бұл стиль күнделікті киімдерге де, кешкі шығып жүргенде де жарайды.

Хабарландыру

